



Консультативтік комитетінің құрамы

Қазақстан Республикасы Премьер-министрі Орынбасарының Өкімі 11 қазан 1994 ж. N 5-1-ө

Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі мен

Халықаралық даму жөніндегі Америка агенттігінің аймақтық миссиясы (ЮСАИД) әзірлеген әйелдер мен балалардың денсаулығын жақсарту жөніндегі бағдарламаны жүзеге асыру мақсатында:

1. Қазақстанда денсаулық қалпына келтіру саласындағы әлеуметтік маркетинг бағдарламасына жәрдемдесу жөніндегі Консультативтік комитет мына құрамда құрылсын:

Измұхамбетов Т.А. - Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті

Іс басқармасының Әлеуметтік сала бөлімі
меңгерушісінің орынбасары (төраға)

Әбілов Б. - "Бутя" фирмасының бас директоры (келісім бойынша)

Ахметбеков М.У. - Қазақстан Республикасы Экономминінің әлеуметтік сала және әлеуметтік проблемалар басқармасының бастығы

Девяткин В. - "Караван" газеті редакторының орынбасары (келісім бойынша)

Дүйсекеев А.Д. - Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің орынбасары

Исағалиев Қ.И. - Қазақстан Республикасы Сыртқыісминінің мәдени және гуманитарлық ынтымақтастық басқармасының бастығы

Қаюпова Н.А. - Қазақстан Республикасының Денсаулықмині Республикалық ана мен бала денсаулығын қорғау ғылыми-зерттеу орталығының директоры

Добрица В. - "Апджон" фирмасының Орта Азия бойынша өкілі

Құлманова Н.К. - Қазақстан Республикасы Еңбек министрінің орынбасары

Мұхамеджанов Б. - Қазақстан Кәсіпкерлері конгресінің вице-президенті (келісім бойынша)

Островидов О.И. - Республикалық "Бөбек" қайырымдылық Балалар

қорының атқарушы директоры (келісім бойынша)
Садықов А. - Қазақстан дәрігерлері мен фармацевтері
Ассоциациясының президенті (келісім бойынша)
Ченцова О. - "Эквитас" жеке заң фирмасының бас директоры
(келісім бойынша)

2. Министрліктер мен ведомстволар, облыстардың, Алматы және Ленинск қалаларының әкімдері аталған Комитеттің жұмысына жан-жақты көмек көрсетсін.

Премьер-министрдің
орынбасары